

*А. Акрамашев, 3-курс*

*Ғылыми жетекшісі — А. М. Карл, жедел-ізвестіру қызметі кафедрасының оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі, полиция аға лейтенанты  
(Қазақстан Республикасы ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы)*

### **ЭКСТРЕМИЗММЕН КҮРЕС БОЙЫНША КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР**

Қазақстан Республикасының Президенті — Елбасының «Қазақстан — 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауындағы: Қазақстан ХХІ ғасырдың басында тәуелсіз әрі өзіне сенімді болып отыр. Жаһандық дағдарыстың жалғасуының әсерінен әлемде болып жатқан өзгерістер бізді үрейлендірмейді. Біз оларға дайынбыз. Біздің ендігі міндетіміз — егемендік жылдары қол жеткізгеннің барлығын сақтай отырып, ХХІ ғасырда орнықты дамуды жалғастыру деген бастамасымен бастауды жөн көрдім. Себебі, көптеген елдің біртұтастығын іріткі салып бұзумен, болашағына балта шапқан радикализмнің, экстремизмнің және терроризмнің қаупі әлемдік мәселе ретінде дәріптелуде. Іс жүзіндегі айғақтарға тоқталсақ, Алматы, Ақтөбе, Астана, Атырау, Тараздағы оқиғалар тізбегі Қазақстандағы экстремизм мен терроризм мәселесін тез арада өзекті қылып жібергендігі мәлім<sup>i</sup>.

Бұл арада ең қауіптісі, шынайы ислам дінін бүркемелену арқылы әртүрлі денгейдегі халықаралық қылмыстық ұйымдардың өз қылмыстық діни-экстремистік саясатында халықты пайдалануы. Әртүрлі діни экстремистік идеологиялармен саналарын улау арқылы, жалпақ халықтың арасына іріткі салып, мемлекеттің біртұтастығын бұзуына ықпал етулері болып табылады<sup>ii</sup>.

Ақтауда өткен «Ислам және жиһадизм» атты конференцияда Дін істері агенттігінің төрағасы Қайрат Лама Шариф үстіміздегі жылдың аяғына дейін еліміздің басқа аймақтарында да Қазақстан қоғамын нығайтуға, жастарды отаншыл рухта тәрбиелеуге, қоғам мен жеке тұлғалардың жалған діни ағымдардың ықпалына қарсы иммунитетін қалыптастыруға бағытталған бұқаралық және саяси маңызы зор іс-шараларды өткізу көзделгендігін мәлімдеу елімізде діни экстремизмге қарсы тосқауыл қоюға бағытталған іс-шаралардың кең етек ала бастағандығын байқаймыз. Бұл арада Қазақстан Республикасы Президентінің № 648 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында діни экстремизм және терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі» 2013—2017 жылдарға арналған Мемлекеттік Бағдарламаны, оның іске асыру мерзімдері мен қамтылған іс-әрекеттер аясының, әрбір салаларға белгіленген міндеттерінен діни экстремизмнің аса қауіпті мәселе екендігін, егер дер кезінде тосқауыл болмасақ, соған сәйкес Мемлекеттік бағдарламада көзделгендей бір ауыздан сөйлеп, жұмылып жұдырық болмасақ елдігіміз бен жерімізден көз алартқан өзге елдердің саяси-діни экстремистік қылмыстық топтарының жеміне айналу қаупі бар. Бұл үшін, жоғарыда аталған әртүрлі уақыт кезеңдерінде айтылған түрлі ғалымдардың тұжырымдарын есепке ала отырып, діни экстремизмнің Қазақстан Республикасында пайда болу негіздеріне, көбеюі мен таралуына қарсы амалдарды болжамды түрде қарастыруымыз қажет:

1. Мектептегі оқу бағдарламасының жоғары сыныптарына дінтану сабағы енгізілсе. Мұнда, оқушылар дінге сенген адамдардың өзіне және басқаларға қиянат келтірмейтіндігін жалпы ұғым ретінде қалыптастырады.

2. Бас бостандығынан айыру орындарында діни экстремизм үшін сотталғандарды басқа сотталғандардан оқшаулауды мүмкіндігінше қатаң қамтамасыз ету. Ақпараттық, әдеби және заттай сотталғандармен қатынасты қатаң бақылауға ала отырып мұны тәжірибелі дінтанудан хабары бар жедел бөлім қызметкерлері жүзеге асыруы тиіс.

3. Діни экстремистік әрекетіндегі тұрғындар шоғырланған аймақтарда жасырын түрде қылмыстардың алдын алу, және т. б. аса қажетті ақпараттық жұмыстармен айналысушы білікті мамандардың санын арттыру, оларға мүмкіндігінше қолайлы жағдай жасау. Осылайша, діни экстремистік идеологиясы әлі де жетік дәрежеде қалыптаспағандардың тізімін анықтап, олармен тиісті органдардың жұмыс жүргізуін қалыптастыру (жұмыспен қамтамасыз ету, жергілікті әртүрлі саладағы кәсіптік оқу орындарда оқуына ықпал ету, көпшен бірге патриоттық және т. б. жағымды әсердегі жиылыстар, концерттік бағдарламалар өткізу арқылы жағымды әсер ету және т. б.).

4. Діни экстремистік әрекетіндегі тұрғындар шоғырланған аймақтарда жасырын түрде қылмыстардың алдын алу, және т. б. аса қажетті ақпараттық жұмыстармен айналысушы білікті мамандардың санын арттыру, оларға мүмкіндігінше қолайлы жағдай жасау. Осылайша, діни экстремистік идеологиясы берік, белсенді тұлғалардың тізімін анықтап, олармен тиісті органдардың жұмыстар жүргізуін қалыптастыру (жүріс-тұрысын ұдайы бақылау арқылы кез келген заң бұзушылықта ұстау жүргізіп, ары қарай жұмыс жасау және т. б.).

5. Мемлекеттік бағдарламаға сәйкес әр саланың жұмысын нәтижелі жүргізуін қадағалап, ат салысу<sup>iii</sup>.

Қорыта келе, терроризм мен экстремизммен күресті, терроризм мен экстремизм анықтамасынан бастау керек.

---

<sup>i</sup> Қазақстан Республикасының Президентінің «Қазақстан — 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 2014 ж. // [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)

<sup>ii</sup> Терроризм в российском освободительном движении: идеология, этика, психология. — М., 2000.

<sup>iii</sup> Лутовинов В., Морозов Ю. Терроризм — угроза обществу и каждому человеку // ОБЖ. — 2000. — № 9.